

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 12

Жезқазған қаласы

15.05.2023

сағат 10.00

Облыстық қоғамдық кеңесі **оффлайн және форматында** өтті.

Жиынды ОҚК **төрағасы Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды.

Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Бекмағанбетов М.Е**, **Абжаппаров А. М**, **Ізтөлеуов Д.Д**, **Мукеева А.М**, **Токишова А.Ғ**, **Хамитов М.И**, **Ахмет А.А**; **Тұрлыбек А.М**; **Ким А.С**;

Белгілі себеппен қатыспаған: Оспанов С.Ж;

Белгісіз себеппен қатыспаған: Маткенов М.К; Жаксыбеков Д.Д;

Бегенов Б.Ж: Кеңес отырысы ашық деп жарияланды.

Бүгінгі отырыста **1 сұрақ**, ол облыстық қаржы басқармасынан келіп түскен нормативті құқықтық акті құжатын қарап талқылау. Бұл жерде 2023-2025 ж.ж облыстық бюджетке өзгерістер енгізу. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары **А. Бәрікенов** және әкімшілік бюджет бағдарламалар (АБП) басшылары **Қ.Имантүсіпов**, **Қ. Мұтаев**, **Ғ.Төлеуов**, **А.Сыздықова** қатысып отыр.

А.Абжаппаров – Менде бірнеше сұрақтар туындап отыр. Ол – МШЖ-ға арналған іс-шараларға қаражат бөлінбегені. Сонымен қатар, республика деңгейінде өтетін «Ұлы дала жорығы» жобасына да бір теңгенің бөлінбеуі.

А.Бәрікенов -«Ұлы дала жорығы» жобасы ол республикалық бюджеттен бөлінеді, спорттық іс-шараларға келсек, бұл қалалық деңгейдегі мәселе.

М.Бекмағанбетов- Сәтбаевтағы спорт сарайын күтіп ұстауына ақша дұрыс берілмеген. Бізге айлыққа, жылдың аяғына дейін күтіп ұстауға кемінде 171 млн теңге керек. Менің өз күшім жетпейді. Спорт басқармасы хаттарды Жаңа Жылдың алдында жазып жібергенмін.

А.Бәрікенов – бұған спорт басқармасы жауапты. Дер кезінде ұсыныс жасамаған, сондықтан да жағдай осылай. **Бірақ, өз тарапымыздан бұл мәселені созбай ұшықтармай шешуге көмектесейік.**

А.Абжаппаров -300 млн теңгені Ұлытаудағы алаңға жұмсайын деп жатырсыздар. Неге соншама көп?

А.Сыздықова – Бұл Президенттің тапсырмасы. Әжептеуір қаражат керек.

А.Мукеева – Абай көш, ХҚКО (ЦОН) неге мемлекеттен ақша төленеді? Ол жеке кәсіпкердің салған нысаны емес пе?

А.Бәрікенов-Мемлекеттік Корпорациядан қаражат қарастырылған, бізден бір тиын төленбейді.

А.Абжаппаров – арендаға үйлер ала бермей, неге өздеріңізге салмасқа? Мысалға оны МШЖ (ЛСИ) төлеуге еш мұршалары жоқ. Осыны ұсыныс ретінде айтып отырмын.

А.Ахмет- Техникалық университет саламыз деп ақыры түсініксіз жағдайға тап болдыңыздар. Себебі қандай?

А.Бәрікенов- Заң аясында облыстық бюджеттен тек қана колледждерге қаражат бөле аламыз, Жоғары оқу орындарына республика деңгейінде берілу тиіс.

Тұрлыбек А.М. - газ құбырларын тартқанда, ПСД -ға жақын маңдағы елді-мекендер кірді ма?

А.Бәрікенов-иә, Кенгір селосымен Сәтпаев қалаларына да көзделген. Негізі газға байланысты сұрақтар көп.

А.Тұрлыбек – мені Сәтбаев қаласындағы аурухананың жағдайы қатты алаңдатады. Түсініктеме берсеңіз.

А.Бәрікенов- Бар жоғы 4 миллиард шамасында қаражат кетті. Бұрын Қарағанды облысында болды. Жөндеуге кезінде құрылыс материалдары қымбаттады, ЖСҚ /ПСД/қайта қарастырылды. Қосымша 430 млн теңге қарастырдық. 4 қабаты жөндеуден өтті.

А.Тұрлыбек – дәрігерлердің мәселесін қалай шешіп жатырсыздар? Оларға қаражат қарастырылды ма?

А.Бәрікенов- Ол өте күрделі проблема. Дәрігерлер өкінішке орай келмей жатыр. Барлығы 75 млн теңге қарастырылған.

А.Тұрлыбек-Жылыту нысандары нашар қалде, ол сұрақ қалай шешілуде?

А.Бәрікенов- Шынымен де солай. Жуырда Алашахан көшесінде 2 авария болды. Қалалық бюджеттен 3 миллиард теңге берілді, ЖСҚ/ПСД/ қалалық деңгейде жасалып жатыр. 082 бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен қаражат сұрастырғымыз келеді. Барлығы кемінде 10 млрд керек.Министерствоға жүгінгіміз келіп отыр.ЖЭО-ны Қазакмыска жүктейміз.

А.Тұрлыбек -сіздерге ұсыныс ретінде айтарым, бізге құжыт дайындағанда,дұрыстап расшифровка жасау керек. Қай ақша қайда кетіп жатыр түсініксіз.

А.Бәрікенов -кабылданды.

А.Мукеева – Қабанбай батыр ы.а жағдайы өте күрделі. Газ мәселесі, су тапшылығы. Ақшалардың бәрі қайда кетіп жатыр?

М.Бекмаганбетов- бюджеттен спортсмендерге стипендия неге қарастырылмаған?Іс-сапарға берілетін ақша да өте аз. Одан бөлек дәрілердің залалсыздандыратын жер жоқ.

А.Бәрікенов-қайталап айтып кетейін. Қаңтарда стипендия туралы сұрақ қойылған спорт басқармасының алдында. Олар бізден 200 000 теңге сұрады. Туралы осындай Қарағанды облысы 100 000 төлейді. Біз басқармаға дәлелдеп беріңіз деп ұсыныс жазғамыз. Сол бойы қалды.

Қай нәрсе болмасын Кодекс аясында жасалу тиіс.

Қалдық дәрілерді залалсыздандыруға байланысты , врачтар өздері тарапынан конкурс өткізеді.

Б.Бегенов-Сіздердің құжаттарыңызда «Казтехсинтез» жеке компания, неге оларға қаражат берейін деп жатырсыздар?

А.Бәрікенов- Жарты жылдан аса құжаттарды зерттедік. Бұл компания ксантагенат әкеледі. 600 млн сұрап жатыр. Осы мекемеге Премьер -Министр де барған, 3 рет Қазакмыспен кездестік. Қаражатты кезең-кезеңімен береміз. СПК арқылы. Қаражат қайтарылады. Уақыт келе бұл компанияда 100 шақты жұмыс орыны ашылады.

А.Тұрлыбек- «Казтехсинтез» фирмасын соңғы 3 жылдық жұмысын тексеру керек ./ производственно -хозяйственную деятельность/.

А.Бәрікенов-міндетті түрде.

А.Ахмет – Архивті жетілдіретін арнайы бағдарлама бар. Бұл салада қандай жұмыс атқарылып жатыр?

А.Бәрікенов- өте нашар архивтің жағдайы. Жана нысан салу керек. Профильді министрлікке хат жолданды. 4 млрд қаражат керек. Әзірше жауап жоқ.

М.Хамитов – су қоймалардың жағдайы қалай? Балансқа алынды ма жоқ па?

Қ.Имантусупов -Жезді су қоймасын алдық. Оны тазалауға 511 млн тг, Төлетай су қоймасын санация жасауға -485 млн қарастырылған. КГП құрамыз Барлығы 60 өзен көл бар. Паспортизация толығымен жасалған жоқ.

Б.Бегенов – облыс әкімінің орынбасары **Ғ.Құсманғалиды** жедел түрде шақырайық.

А.Абжаппаров, **А.Тұрлыбек**- сізге өте көп сын бар. Сіздердің тарапыңыздан жұмыс жүйелі түрде жүргізілмейді.



Бегенов Б- Құрметті ҚК мүшелері- НҚА қабылдайсыздар ма? Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды –10
2. Кім қарсы - жоқ
3. Кім қалыс қалды - жоқ

Бегенов Б – Осымен күн тәртібіндегі сұрақты қамтыдық, шештік.
Әріптестер! 17 мамырда жылжымалы жиналыс өтеді. Баратын нысандар **Ұйтас-Айдос,Ескұла** су құбырлары. Дайын болыңыздар. Хатшы уақытын хабарлайды. Бүгінгі жиын аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңыздар.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Қоғамдық кеңестің
хатшысы

Б.Ж.Бегенов

С.К. Онгарбаева